**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlilbayev Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova	Aidana	Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

Муратбекова Диназ Муратбекқызы

muratbekovadinazz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Туризм мамандығының 1 курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі – Жакупов А. А.

Аннотация: Бұл мақалада киелі туризмнің тұрақты дамуының негізгі факторлары қарастырылады. Киелі туризм тек діни туризммен шектелмейтін, адамның рухани ізденісіне негізделген кең құбылыс ретінде сипатталады. Зерттеуде Қазақстандағы киелі туризмнің дамуын тежейтін негізгі мәселелер, соның ішінде инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, мәдени мұраны сақтау проблемалары және нормативтік-құқықтық реттеудің жетілмеуі талданады. Тұрақты туризм қағидаттары негізінде ұсынылған кешенді модель инфрақұрылымды дамыту, туристік бағыттарды әртараптандыру, жергілікті қауымдастықтарды тарту және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету шараларын қамтиды. Бұл тәсіл мәдени мұраны сақтау, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және туристік тәжірибенің сапасын арттыруға бағытталған. Зерттеу нәтижелері киелі туризмді тұрақты дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындауға және осы саладағы мүдделі тараптар үшін тиімді басқару механизмдерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: киелі туризм, тұрақты даму, мәдени мұра, инфрақұрылым, құқықтық реттеу, экологиялық тұрақтылық, туристік даму

Әлемдік туризм индустриясы өзінің ауқымдылығы жағынан ең ірі салалардың бірі болып саналады және ол жаһандық экономиканың дамуы мен өзгерістеріне тікелей байланысты. Туризм тек экономикалық қозғалтқыш қана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және рухани тәжірибелердің тоғысатын алаңы ретінде көрініс табады. Соңғы жылдары жаһандану, урбанизация және технологиялық прогресс туризмнің дәстүрлі формаларын трансформациялап, жаңа бағыттардың қалыптасуына әкелді. Соның бірі – киелі туризм. Бұл бағыт туристердің тек физикалық қозғалыспен ғана емес, ішкі жан дүниесімен, өзін-өзі тануға деген ұмтылыспен және өмірдің мәнін іздеумен байланысты іс-әрекеттерін қамтиды. Батыстық қоғамдарда дәстүрлі дінге деген қызығушылық азайғанымен, руханилыққа деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Туристік сапарлар енді тек демалу мен көңіл көтеру емес, сонымен қатар жеке даму мен өзін-өзі жаңғыртудың құралына айналды.

Киелі туризмді дінмен байланыстыру – табиғи үрдіс. Алайда, бұл екі ұғымды бірдей деп қарастыру – теріс пікір. Діни туризм белгілі бір діннің догмаларына негізделсе, киелі туризм одан әлдеқайда кең құбылыс. Бұл саяхат түрі киелі тәжірибе іздеумен байланысты, яғни оның діни институттармен міндетті түрде байланысы болмауы мүмкін.

Киелі география ұғымын зерттеуге арналған алғашқы ғылыми жұмыстар ХХ ғасырдың 90-жылдарында қалыптаса бастады. Діннің географиялық таралу ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар «киелі география» терминіне алғашқы анықтамалар беріп, белгілі бір аймақтардың қасиетті мәртебеге ие болу үрдісін сипаттады. Бұл бағыттың негізін қалаушылардың қатарында Элиаде (Mircea Eliade), Льюис (C. S. Lewis), Соьер (Frederick Sawyer) және Смит (Jonathan Z. Smith) бар. Олар діни сенімдердің киелі ландшафттарды қалай қалыптастыратынын және белгілі бір орындардың қасиетті кеңістікке қалай айналатынын зерттеді. Бұл еңбектердің нәтижесінде киелі кеңістіктің діни сипатқа ие екендігі, оның діни тәжірибелер мен қоғамның ұжымдық жадына тығыз байланысты екені анықталды [1].

ХХІ ғасырда киелі туризм ұғымы дәстүрлі діни география шеңберінен шығып, жаңа қырынан зерттеле бастады. Қазіргі зерттеулер, мысалы, Кнудсен (Knudsen, 2008) және Джек (Jack, 2011) еңбектері, киелілік тек діни ғана емес, сонымен қатар мәдени, философиялық

және эстетикалық аспектілерді де қамтитынын көрсетеді [2]. Осы тұрғыдан алғанда, киелі орындар тек діни сенімдерге байланысты ғана емес, жеке адамның рухани ізденісі тұрғысынан да маңызды бола алады.

"Киелілік" ұғымы (лат. *sacrum*) қасиетті, ерекше, рухани құндылыққа ие деген мағынаны білдіреді. Сондықтан киелілік тек діни ғимараттарда ғана емес, сондай-ақ табиғи ландшафттарда, көне ескерткіштерде және мистикалық күшке ие деп саналатын жерлерде де сезілуі мүмкін. Көптеген саяхатшылар тек мешіттер мен шіркеулерде ғана емес, Стоунхендж, Гиза пирамидалары, Кайлас тауы немесе мұхит жағалауында да ерекше рухани әсер алады. Заманауи киелі туризм дәстүрлі діни практикадан шығып, мыналарды қамтиды:

- Күш-қуат орындарына саяхат (мысалы, Мачу-Пикчу, Айерс-Рок, Шамбала);
- Табиғатпен байланыс арқылы рухани тәжірибе іздеу (таулар, көлдер, үңгірлер, ормандар);

Діни туристер нақты сенім жүйесін ұстанып, діни ғибадаттарды орындаса, киелі туризм туристері көбіне жеке рухани тәжірибе мен ішкі үйлесімділікке ұмтылады.

Бүгінгі күннің туристері өзін-өзі танып, ішкі үйлесімділікті іздей отырып, жиі экологиялық таза, тыныш, табиғатпен үндескен орындарды таңдайды. Мұндай тенденция туризм мен қоршаған орта арасындағы байланысты қайта қарастыруға итермелейді. Дәстүрлі массалық туризм көбіне табиғат ресурстарының сарқылуына, экологиялық дисбаланстың туындауына себеп болса, киелі туризм керісінше, тұрақтылық пен жауапкершілікке негізделген моделді ұсынады. БҰҰ-ның Дүниежүзілік туристік ұйымы (UNWTO) киелі туризмді тұрақты туризм дамуының тірек бағыттарының бірі ретінде қарастырады [3]. Себебі бұл туризм түрі жергілікті мәдениетке, дәстүрге және табиғатқа құрметпен қарауды талап етеді.

Киелі туризмнің тұрақты даму мақсаттарымен үйлесуі оның әлеуетін арттыра түседі. Бұл бағытта жасалған сапарлар экономикалық тиімділікпен қатар, әлеуметтік және экологиялық әсерлерімен де ерекшеленеді. Біріншіден, жергілікті қауымдастықтарға табыс көзі ретінде ықпал етіп, шағын бизнес пен қызмет көрсету салаларын дамытуға мүмкіндік береді. Екіншіден, туристердің экологиялық және мәдени санасы артып, олар барған жерлерге құрметпен қарап, табиғатты қорғау мен жергілікті дәстүрлерді сақтау идеяларын бойларына сіңіреді. Үшіншіден, рухани тәжірибелер арқылы адамдардың психологиялық әл-ауқаты артады, бұл өз кезегінде қоғамдағы жалпы өмір сапасына оң ықпал етеді. Зерттеушілер руханилықтың туризмдегі рөлін мойындап қана қоймай, оны тұрақты даму контекстінде зерттеуге шақырады. Себебі бұл тек саяхат пен демалыс емес, сонымен қатар табиғатпен үйлесімде өмір сүрудің, мәдениетке құрметпен қараудың, әлеуметтік әділеттіліктің және рухани дамудың көрінісі бола алады.

Сонымен қатар, киелі туризм постиндустриалды қоғамдағы рухани дағдарыстың бір шешімі ретінде қарастырылады. Қазіргі тұтынушылық қоғамда материалдық құндылықтар алдыңғы орынға шыққанымен, көптеген адамдар ішкі жан дүниесінің босап қалғанын сезінеді. Туризм – осы бос кеңістікті рухани тәжірибемен толтырудың жолдарының бірі. Осы орайда, киелі туризм жеке тұлғаның да, қоғамның да трансформациясына ықпал ететін күшке айналуда.

Осы үрдістерді ескере отырып, киелі туризмнің тұрақты даму қағидаттарымен үйлесімін арттыру үшін арнайы модель әзірлеу қажеттілігі туындайды. Осы бағытта киелі туризмнің тұрақты даму қағидаттарымен үйлесімді дамуына негіз болатын арнайы модельді ұсынамын. Ұсынылып отырған киелі туризм моделі тұрақты дамудың негізгі қағидаттарына сүйене отырып, туристік қызметті жүйелі және кешенді басқаруға мүмкіндік береді (Сурет 1).

Ұсынылып отырған киелі туризм моделі тұрақты дамудың негізгі қағидаттарына сүйене отырып, туристік қызметті жүйелі және кешенді басқаруға мүмкіндік береді. Бұл модельдің негізінде киелі туризмді дамытуға бағытталған теориялық тұжырымдамалар, құқықтық негіздер, құрылымдық элементтер және басқару тетіктері жатыр.



Сурет 1. Киелі туризмнің тұрақты даму моделі

Киелі туризмнің тұрақты дамуы қазіргі заманғы туризм индустриясында маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл туризм түрі тек діни немесе мәдени тәжірибелерді қамтып қана қоймай, сонымен бірге жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатын жақсартуға, мәдени және табиғи мұраны сақтауға, сондай-ақ экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Осыған байланысты, киелі туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін оны жүйелі түрде реттейтін кешенді модель әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Бұл модельдің негізінде киелі туризмді қалыптастыратын негізгі теориялық тұжырымдамалар мен құжаттар жатыр. Халықаралық деңгейде БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары (SDGs), ЮНВТО-ның (UNWTO) орнықты туризм қағидалары, сондай-ақ тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі халықаралық конвенциялар киелі туризмнің дамуына негіз бола алады. Сонымен қатар, экологиялық туризм, мәдени мұра туризмі, діни туризм және қоғамның әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік туризм сияқты теориялар осы модельді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Тұрақты киелі туризмнің дамуы үшін бірінші кезекте нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет. Туристік индустрияның экологиялық және мәдени аспектілерін қорғауға бағытталған заңнамалық актілер қабылданып, олардың тиімді орындалуын қамтамасыз ететін тетіктер енгізілуі тиіс. Қазақстанда киелі туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажет. Қазіргі уақытта осы салада бірнеше мәселелер бар:

- Құқықтық анықтамалардың нақтыланбауы: Қазақстан Республикасының "Туристік қызмет туралы" заңында діни туризмге анықтама берілгенімен, киелі туризмнің нақты анықтамасы жоқ [4]. Бұл киелі туризмнің құқықтық реттелуінде түсініксіздіктер тудырады.

- Экологиялық стандарттардың жеткіліксіздігі: Экологиялық туризмді дамытуда қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған экологиялық стандарттар мен нормалардың толық жетілмегендігі байқалады [5]. Бұл табиғи және мәдени мұраны қорғауда қиындықтар туғызады.

- Жергілікті қауымдастықтардың қатысуының шектеулілігі: Туризм саласындағы заңнамаларда жергілікті қауымдастықтардың киелі туризмді дамытуға қатысуын ынталандыратын нақты тетіктердің болмауы олардың экономикалық және әлеуметтік дамуына кедергі келтіреді. Осы заңнамалық актілерді жетілдіру арқылы киелі туризмнің тұрақты дамуына қолайлы құқықтық негіз қалыптастыруға болады.

Киелі туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің келесі маңызды аспектісі – оның құрылымдық негіздерін қалыптастыру. Бұл бағыт, ең алдымен, туризм инфрақұрылымын

жүйелі түрде дамыту, мәдени-тарихи нысандарды қайта жаңғырту, туристік бағыттарды әртараптандыру, сондай-ақ рухани тәжірибелерге негізделген жаңа туристік өнімдерді әзірлеу секілді нақты шараларды қамтиды. Алайда Қазақстанның кейбір өңірлерінде туризм инфрақұрылымының жеткілікті деңгейде дамымауы бұл саланың әлеуетін толық жүзеге асыруға айтарлықтай кедергі келтіруде. Жолдардың сапасыздығы, қонақ үйлер мен қызмет көрсету орындарының тапшылығы – туристік тәжірибенің сапасына тікелей әсер ететін өзекті мәселелердің бірі. Мәселен, Түркістан қаласында туризмді жандандыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілгенімен, инфрақұрылымдық олқылықтар әлі күнге дейін айтарлықтай байқалады [6].

Сонымен қатар, туристік дестинацияларды тиімді басқару – ұсынылып отырған модельдің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақстанда тарихи-мәдени ескерткіштер саны мол болғанымен, олардың айтарлықтай бөлігі күрделі жөндеуді қажет етеді. Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы мәліметіне сәйкес, республика аумағында 25 мыңнан астам тарихи-мәдени мұра нысандары тіркелген, алайда олардың тек 33-іне ғана ғылыми реставрациялық жұмыстар жүргізілген [7]. Бұл жағдай еліміздегі реставрациялық саясаттың әлі де әлсіздігін және материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігін көрсетеді.

Туризм саласының орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін туристік ағындарды тиімді басқару, маусымаралық кезеңдердегі туризм белсенділігін реттеу, сондай-ақ заманауи цифрлық технологияларды енгізу – өзекті міндеттердің қатарында. Аталған құралдар туристік қызметтің сапасын арттырып қана қоймай, экологиялық және мәдени жүктемені оңтайлы түрде бөлуді қамтамасыз етеді. Бұған қоса, ақпараттық саясатты жетілдіру, туристер мен жергілікті тұрғындар арасында өзара түсіністік пен мәдени алмасуды нығайту – киелі туризмнің әлеуетін арттыратын маңызды алғышарттардың бірі.

Туристік тәжірибені тереңдету де – осы модельдің ажырамас бөлігі. Туристерге рухани тәжірибені толыққанды сезінуге жағдай жасау үшін арнайы бағдарламалар, интерактивті экскурсиялар, медитация, йога және өзге де мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылуы тиіс. Мұндай қадамдар туристердің ішкі жан дүниесін байытуға, рухани құндылықтарға деген қызығушылығын оятуға және өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, киелі туризмнің тұрақты дамуының түпкі нәтижесі – жаһандық тұрақтылыққа қол жеткізу болып табылады. Бұл тұрғыда ұсынылып отырған модель табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, мәдени мұраны сақтау, жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатын арттыру және экологиялық жауапкершілікті арттыру арқылы туризм индустриясын кешенді әрі тұрақты дамытуға бағытталған. Осылайша, модель киелі туризмді басқарудың стратегиялық негізі ретінде қарастырылып, оның сан қырлы аспектілерін біріктіретін тұтастай механизмді ұсынады.

Қорытындылай келе, киелі туризмнің тұрақты дамуы мәдени мұраны сақтау, жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатын арттыру және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету сияқты маңызды аспектілермен тығыз байланысты. Бұл зерттеуде ұсынылған кешенді модель киелі туризмнің орнықты дамуына ықпал ететін негізгі факторларды қамтиды. Атап айтқанда, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, инфрақұрылымды дамыту, туристік бағыттарды әртараптандыру, жергілікті қауымдастықтарды белсенді қатыстыру және тұрақты басқару механизмдерін енгізу қажеттілігі айқындалды. Қазақстандағы киелі туризмнің дамуындағы негізгі қиындықтар – инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, мәдени-тарихи мұраларды сақтау мәселелері, туристік қызметтердің сапалық айырмашылықтары және нормативтік-құқықтық реттеудің толық жетілмеуі. Бұл мәселелерді шешу үшін кешенді тәсілдер қолданылуы тиіс, соның ішінде заңнаманы жаңарту, қаржыландыру көздерін әртараптандыру және мәдени-экологиялық жауапкершілікті арттыру маңызды рөл атқарады. Ұсынылған модель киелі туризмді дамытудағы негізгі мүдделі тараптар үшін тиімді басқару құралы ретінде қызмет етеді. Біріншіден, ол туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беріп,

сапалы туристік өнімдер ұсынуды көздейді. Екіншіден, жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын жақсартуға және олардың мәдени мұраны сақтауға деген ынтасын арттыруға ықпал етеді. Үшіншіден, тұрақты даму қағидаттарына негізделген бұл жүйе экологиялық қауіп-қатерлердің алдын алуға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған. Осылайша, киелі туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ұсынылған модель кешенді тәсілді қажет ететін өзекті құрал болып табылады. Ол Қазақстанның рухани-мәдени мұрасын сақтау және жаһандық деңгейде таныту мақсатында стратегиялық шешімдер қабылдауға негіз болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Усубалиева С. Д., Дж. Г. А., Уайсова А. Понятийный аппарат сакральной географии // Вестник КазНУ. Серия географическая. 2019. №51(4). С. 27–34.
2. Засорина Ю. А. История термина "сакральность": уточнение смысла // На пути к гражданскому обществу. 2023. №2 (50). С. 17–20.
3. Всемирная туристская организация (UNWTO). Рекомендации ЮНВТО по устойчивому развитию туризма, связанного с природным и культурным наследием [Электрондық ресурс]. – Мадрид: UNWTO, 2019. – Қолжетімді: <https://www.unwto.org/sustainable-development> (қол жеткізілген күн: 22.03.2025).
4. Қазақстан Республикасының "Туристік қызмет туралы" Заңы [Электрондық ресурс]. – Астана: ҚР Парламенті, 2023. – Қол жетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211_ еркін. – (Қаралған күні: 04.04.2025).
5. Рашева Г.К., Жапарқұлов Д. Қазақстан Республикасының цифрландыру жағдайындағы экологиялық туризмді құқықтық реттеу мәселелері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. – Алматы, 2023. – №2(86). – Б. 112–120.
6. Түркістан: туризмді дамытудың мүмкіндіктері мен инфрақұрылым мәселелері // International.kz. – 2023. – 18 тамыз. – Қолжетімді: <https://international.kz/2859-turkistan-turizmdi-damytudyn-mumkindikteri-men-infracurylym-maseleleri.html> (қол жеткізілген күн: 24.03.2025).
7. Кавригина А.Д. Влияние культурного туризма на сохранение исторического наследия Восточного Казахстана // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 2024. — № 4. — С. 92–96.

УДК 338.4

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГАСТРОНОМИЯЛЫҚ МҰРАСЫ: ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы

abdigabitzh@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының 2-курс магистранты,
Ғылыми жетекші - «Туризм» кафедрасының философия докторы (PhD), доцент м.а.
Тлеубаева Айтолкын Тлеубайқызы

Аңдатпа

Қазақстанның гастрономиялық мұрасы ғасырлар бойғы тарихи даму, көшпелі өмір салты, табиғи-климаттық жағдайлар, сондай-ақ басқа халықтармен мәдени өзара іс-қимыл нәтижесінде қалыптасқан ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Дәстүрлі қазақ тағамдары этникалық ерекшелігін көрсетіп қана қоймай, тірі материалдық емес мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын ет және сүт өнімдерінің, дәнді тағамдар мен сусындардың бай ассортиментін қамтиды. Қазіргі әлемде гастрономия туристерді тарту, елдің имиджін қалыптастыру және мәдени әртүрлілікті сақтау факторы ретінде ерекше маңызға ие.